

**"Қазақстан-Британ техникалық университеті" жабық акционерлік қоғамы
акцияларының мемлекеттік пакетін "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" жабық
акционерлік қоғамының жарғылық капиталына беру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 қыркүйектегі N 987 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасының Білім және ғылым, Энергетика және минералдық ресурстар министрліктерімен бірлесіп, заңнамада белгіленген т ә р т і п п е н :

1) "Қазақстан-Британ техникалық университеті" жабық акционерлік қоғамы
акцияларының мемлекеттік пакетін "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" жабық
акционерлік қоғамының жарғылық капиталына беруді қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер
е н г і з і л с і н :

1) "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және
ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысына (Қазақстан Республикасының
ПҮКЖ - ы, 1999 ж., N 13, 124 - қ ұ ж а т):

көрсетілген қаулымен бекітілген Акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері
республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық
серіктестіктердің тізбесінде:

"Алматы қаласы" деген бөлімде реттік нөмірі 123-50-жол алынып тасталсын;

2) "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен
мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы"
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысына :

Иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге және өзге де
мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың
мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне" деген бөлімде
реттік нөмірі 222-15-жол алынып тасталсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК